

«Теректі негізгі мектебінің» 5-6 сынып жетекшісі
Досниязова Гүлбақыттың тәрбие жұмыстарының 2021-2022 оқу
жылының

Есебі

2021-2022 оқу жылына арналған 5-бсыныпқа арналған тәрбие жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Сыныпта 6 оқушы тәлім алды. 3 ұл, 3 қыз бала. Сынып оқушыларының оқу әрекетіне, тәрбиелік шараларға қатысу белсенділіктері жас ерекшеліктеріне сай. Оқушылардың мектепішілік, аудандық шараларға белсене қатынасып отырды. Сыныптағы оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасы жақсы, бір-бірімен тату, қиыншылық кезде бір-біріне қолұшын беруге әзір тұрады. Тәрбие сағат жоспарлары 8 бағытқа негізделіп құрылды. Әр тәрбие сағаттарымен қатар жолда жүру ережелеріде қамтылып отырды. Оқушыларға жыл бойы жүргізілген тәрбие сағат тақырыптарына тоқталар болсақ, қыркүйек айында «Кітап – рухани қазынамыз», «Тәуелсіздік жетістіктері», «Имандылық жарасады ұл-қызға», «Алдымен сүй, ардақты ата-ананды» тәрбие сағаттары өтті.

Қазан айында қарттар күніне арналған «Атадан қалған асыл сөз» тақырыбында ардақты ата-әжелерімізді құрметтеп сыйлауға дәріптейтін тәрбие сағатты өтті. «Баланың бас ұстазы ата-ана», «Әдептен озбайық», «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» сфнып сағаттары ұйымдастырылды.

Қараша айында, «Жаман әдеттен аулақ бол», «Ырым дегеніміз не?», «Еңбек – түбі береке», «Біз сыбайлас жемқорлыққа – қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз» тақырыбына дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оқушылар өз ой-пікірлерін еркін білдіре алды.

Желтоқсан айында, «Елбасы мұраты – ел бақыты», «Тәуелсіздік тағылымы», «ЖҚТБ -21 ғасыр індеті» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылса, «Жастар неге кітап оқымайды?» тақырыбында дебат өткізіліп, оқушылар адам өміріндегі кітаптың маңыздылығына тоқталып. Өздері оқыған кітаптарын таныстырып, құрбыларына оқуға кеңес берді.

Қаңтар айында, «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылардан дұрыс тамақтану дегеніміз не? Дұрыс тамақтану жолдары қандай? Сауалдар негізінде сауалнама алынды. Сонымен қатар, «Аққан жұлдыз жарығы», «Менің мамандығым», «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдаст ырылды.

Ақпан айында, «Тұғырың берік болсын, туған елім», «Ата-баба дәстүрі – әдептілік негізі», «Денсаулық – зор байлық» тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» тақырыбында сайыс өткізілді.

Наурыз айында, алғыс айту күніне орай «Алғыс айта білейік» тақырыбына тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылар ата-аналары мен жан-жағындағы барша жаратылыс иесіне алғыс білдіре білу керектігін ұғынды. Сонымен қатар, «Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз» тақырыбында сынп сағаты ұйымдастырылды.

Сәуір айында, «Әдептілік – адам көркі» тақырыбында оқушыларға психологпен бірлескен психологиялық тренинг жүргізілді. «Мейірімділік – асыл қасиет», «Салауатты өмір – ата салтымы» тәрбие сағаттары ұйымдастырылып. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе» тақырыбында Абай атамызға арналған танымдық сағаты ұйымдастырылды.

Мамыр айында, «Құрметте жеңістің ерлерін» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Тәртіптің ең тамаша мектебі - отбасы» тақырыбында ата-аналармен бірлескен топтық жұмыс ұйымдастырылды. «Көп ұлтты, тату елім - Қазақстан», «Имандылық – инабаттылық айнасы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Әр тәрбие сағаттарымен қоса, қосымша бағдарламаларға негізделген тақырыптар қамтылып отырылды.

Жылдың соңында ата-аналарымыз бен оқушыларымыз қатынасқан жиналыс болып, оқушыларымыздың жыл бойына жасаған жұмыстары мен жетістіктері, үлгерімі ата-аналарға таныстырылып, жылға қорытынды жасалды.





Сынып жетекшісі:

Досниязова Г.

